



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

22.09.2025

Ақтөбе қаласы

№ 435

қала Ақтөбе

Білім беру ұйымдарында қаражат
жинауға тыйым салу, сыбайлас
жемқорлықтың алдын алу туралы

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 63-бабына және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына, «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің бұйрығына сәйкес білім беру ұйымдарында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жол бермеу мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Ақтөбе қаласының және аудандық білім бөлімдерінің басшылары, басқармаға ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарының басшылары:

1.1. Білім беру ұйымдарында педагогтер мен ата-аналар арасында қаражат жинауға тыйым салынсын;

1.2. Қаражат жинауды болдырмау туралы педагогтер мен ата-аналар арасында түсіндіру жұмыстары күшейтілсін;

1.3. Білім беру ұйымдарына педагог кадрларды қабылдау кезінде туындайтын сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жол берілмесін;

1.4. Ротация тәртібімен ауысқан білім беру ұйымдары басшыларының командалық ауысуына жол берілмесін;

1.5. Электрондық қолтаңбаны пайдалану және оларға қол жеткізу құқығына қатысты сақтық шараларын алу мақсатында электрондық қолтаңбасы орналасқан құрылғыны өзге қызметкердің қолдануына беруге қатаң тыйым салынсын;

1.6. Сыбайлас жемқорлық бойынша құқық бұзушылық және қылмысқа жол берген барлық айғақтардың алдын алуы бойынша тиісті деңгейде шаралар қабылдансын.

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау басқарма басшысының орынбасарлары Н. Бертлеуоваға, А.Тындыбаеваға жүктелсін.

«Ақтөбе облысының білім
басқармасы» ММ басшысы

Б.Күзембаева

003310